

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КРЕАТИВТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ

ТОГАЙБАЕВА А.К. , БАЗАРХАН Б.Б. * 

Тогайбаева Айгулден Кадировна – Педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

E-mail: atogaibayeva@zhubanov.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-2071-9536>

***Базархан Бағдауыл Бақдаулетқызы** - Педагогика ғылымдарының магистрі, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

E-mail: bbazarkhan@zhubanov.edu.kz, <https://orcid.org/0009-0003-1963-4898>

Андатпа. Мақалада инновациялық білім беру үдерісінде болашақ педагог-психологтардың креативтілігін дамыту мәселесін зерттеуге арналған. Қазіргі білім беру жүйесіндегі өзгерістер болашақ мамандардың шығармашылық ойлауын қалыптастыруды талап етеді, сондықтан креативтілік кәсіби дайындығының маңызды компоненті ретінде қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – болашақ педагог-психологтардың креативтілік деңгейін айқындау және оны арттырудың тиімді жолдарын тәжірибелік-эксперименттік түрде тексеру. Зерттеу Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің 2 және 3 курс білім алушылары қатысқан үш кезеңдік эксперимент арқылы жүргізілді.

Креативтілік деңгейі Е.П. Ильиннің әдістемелері және С. Медниктің (RAT) вербалды креативтілік тесті арқылы бағаланды. Бастапқы нәтижелер болашақ педагог-психологтардың креативтілік деңгейі көбіне төмен және орта деңгейде екенін көрсетті. Қалыптастыру кезеңінде жүргізілген арт-терапиялық жаттығулар, шығармашылық тапсырмалар және топтық жобалар тәжірибе тобының көрсеткіштерін айтарлықтай жақсартты. RAT тесті мен Е.П. Ильин әдістемелерінің деректері тәжірибе тобының шығармашылық көрсеткіштерінің бақылау тобымен салыстырғанда айқын өскенін дәлелдеді.

Алынған нәтижелер болашақ педагог-психологтардың креативтілігін мақсатты түрде ұйымдастырылған әдістер арқылы дамыту мүмкін екенін көрсетеді. Зерттеу нәтижелері кәсіби даярлық жүйесіне шығармашылық бағыттағы әдістерді енгізудің өзектілігін айқындайды және бұл бағыттағы келешек зерттеулер үшін теориялық негіз ұсынады.

Түйін сөздер: креативтілік, педагог-психолог, инновациялық білім беру, шығармашылық ойлау, кәсіби даярлық, эксперименттік зерттеу.

Кіріспе

Қазіргі қоғамдағы экономикалық және демократиялық өзгерістер бұрын қатаң бақыланған білім беру жүйесінің әлсіреуіне әкеліп, техникалық және басқарушылық жаңалықтардың педагогикалық теория мен практикаға ықпалын күшейтті. Әлеуметтік өмірдің өсіп келе жатқан талаптарын қанағаттандыру үшін инновациялық білім беру қажеттілігі артып отыр. Осыған байланысты жоғары оқу орындары ресурстық базаны нығайтуға, ғылыми-білім беру қызметінің практикалық бағытын дамытуға басымдық беруде. Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңында да шығармашылыққа, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық әдістемелерін әзірлеп, оларды жетілдіруге ерекше көңіл бөлетіні атап өтілген [1].

Білім берудегі инновация күрделі процесс және оның табысты жүзеге асуы ең алдымен оқытушының инновацияға көзқарасына, оны меңгеруге қатысуына және шығармашылық белсенділігіне байланысты екені белгілі. Мұны В.И. Загвязинский, М.Ы.Станкин, В.А.Кан-Калик, Л.С.Подымова, В.А. Слостенин сияқты ғалымдардың еңбектері дәлелдейді [2]. Ал білім алушылардың креативтілігін қалыптастыру мәселесі отандық зерттеушілер тарапынан да назарға алынып, А.А.Жолдасбеков креативтілікті стандартты, шаблонды ойлауға қарама-қайшы, мәселені шешудің жаңа тәсілдерін ізденуге бағытталған құбылыс ретінде сипаттайды [3].

Креативтілікті дамыту адамды қалыпты ойлау шеңберінен шығарып, бірсарынды

шешімдерден арылтып, жаңаша идеялар мен ерекше тәсілдерді тудырады. Бұл қабілет кез келген процессті қызықты етіп, мәселені стандарттан тыс жолмен шешуге мүмкіндік береді. А.К.Маркованың еңбектерінде креативтілік көбіне тұлғаның әлеуметтік құнды нәтижелері арқылы бағаланатыны айтылса, А.Б.Оспанова оны баламалы тәсілдерге жақын әрі икемді болумен байланыстырады. Қ.М.Нағымжанова креативті ойлауды адамның қабілеттері мен шығармашылық әдістерді меңгеруіне негізделген жоғары интеллектуалды белсенділік ретінде сипаттайды [4, 5, 6].

Әлемдік тәжірибе жоғары кәсіптік білім берудің дамуы маман даярлау сапасына тікелей тәуелді екенін көрсетеді. Болашақ мамандарды креативтілікке кәсіби тұрғыда даярлау жөнінде Z. Freud, A. Adler, F. Pearles, B. Skinner, D. Watson, K. Rodgers, H. Bernhard, I. Noyfeld, R. Ramzeus, U. Otto еңбектерінде кеңінен сөз болады [7].

Жүргізілген теориялық талдау инновациялық білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби дамуы мен креативтілігін арттыруды қажет ететін бірқатар өзекті мәселелер бар екенін көрсетті. Атап айтқанда, инновациялық ортада креативті ойлаудың жеткілікті деңгейге жетпеуі, мектеп педагог-психологтарының қызметін жаңа талаптарға сай ғылыми және әдістемелік тұрғыдан негіздеу жұмысының әлсіздігі, сондай-ақ педагог-психолог қызметіне арналған бар ғылыми тұжырымдамалардың инновациялық үдерісте толық іске асырылмауы байқалады. Осы мәселелерді ескере отырып, зерттеудің мақсаты болашақ педагог-психологтардың креативтілік деңгейін айқындау және оны инновациялық білім беру жағдайында арттырудың тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік тұрғыдан тексеру болып белгіленді. Зерттеу барысында теориялық талдау, бақылау, сауалнама, тестілеу және статистикалық өңдеу әдістері қолданылды. Зерттеудің ғылыми жаңалығы дәстүрлі және инновациялық білім беру жүйелерінің ерекшеліктерін саралау, болашақ мамандардың креативтілік деңгейін диагностикалау, сондай-ақ ұсынылған әдістердің білім алушылардың қызығушылығы мен шығармашылық белсенділігін арттыру ықпалын тәжірибе жүзінде дәлелдеумен айқындалады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу инновациялық білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың креативтілік деңгейін анықтап, оны дамыту жолдарын тексеруге бағытталды. Зерттеу Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Педагогика және білім берудегі менеджмент факультетінің 6В01102 «Психология және білім беру менеджменті» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын 2 және 3 курс білім алушыларының қатысуымен жүргізілді. Қатысушылар кездейсоқ емес тәсілмен таңдалып, олардың оқу тобы мен жас ерекшеліктерінің шамалас болуы басты критерий ретінде алынды. Зерттеуге 2 курс білім алушылары тәжірибе тобы (n=11), ал 3 курс білім алушылары бақылау тобы (n=25) ретінде енгізілді (1-кесте). Сонымен қатар, зерттеуге қатысушылардың оқу мотивациясы мен инновациялық ортаға бейімделу деңгейі алдын ала қарастырылып, топтарды сәйкестендірудің қосымша өлшемдері ретінде есепке алынды. Зерттеу оқу жылының бір семестрі аралығында жүргізіліп, әр кезеңдегі өзгерістерді динамикалық түрде бақылауға мүмкіндік берді.

Кесте 1. Зерттеуге қатысушылар туралы жалпы мәліметтер

Көрсеткіш	Тәжірибе тобы	Бақылау тобы
Қатысушылар саны	11	25
Оқу курсы	2 курс	3 курс
Бағдарлама	6В01102 «Психология және білім беру менеджменті»	6В01102 «Психология және білім беру менеджменті»
Таңдау әдісі	Кездейсоқ емес, топтық ұқсастыққа негізделген	Кездейсоқ емес, топтық ұқсастыққа негізделген

Зерттеу жалпы үш кезеңнен тұрды: анықтау, қалыптастыру және бақылау. Анықтау кезеңінде білім алушылардың креативтілік туралы түсініктері және бастапқы креативтілік деңгейлері диагностикаланды. Бұл кезеңде Е.П.Ильиннің «Шығармашылық деңгейін анықтау» сауалнамасы және «Тұлғаның шығармашылық қабілетін анықтау» тесті қолданылды. Аталған әдістемелер респонденттердің шығармашылыққа қызығушылығы мен креативті ойлау ерекшеліктерін бағалауға мүмкіндік берді. Тестілеу барысында қатысушылар ұсынылған сипаттамаларды 1–10 ұпай аралығында бағалап, өздерінің шығармашылық әлеуетін айқындады. Ұпайлар шкаласы 10–100 аралығында болып, креативтіліктің өте төменнен өте жоғары деңгейіне дейінгі бес сатылы жіктеме бойынша бағаланды (2-кесте). Диагностикалық кезеңнен алынған деректер кейінгі қалыптастыру жұмыстарының мазмұнын айқындауға негіз болды, өйткені білім алушылар арасындағы жеке айырмашылықтар анық көрінді. Қолданылған әдістемелердің әртүрлілігі креативтіліктің когнитивтік, мотивациялық және тұлғалық қырларын кешенді бағалауға мүмкіндік беріп, бастапқы деңгейдің жан-жақты сипатталуын қамтамасыз етті.

Кесте 2. Білім алушылардың Е.П. Ильин әдістемесі бойынша шығармашылық деңгейлері

Деңгей	Тәжірибе тобы (%)	Бақылау тобы (%)
Төмен	50	42,1
Орта	33,4	31,6
Жоғары	16,6	26,3

Креативтілікті тереңірек бағалау үшін С.Медниктің А.Н.Воронина бейімдеген «Вербальды креативтілік тесті» (RAT) қолданылды. Бұл әдістеме респонденттердің үш сөзден тұратын триадалар арасындағы мағыналық байланыстарды табу қабілетін, ойлау икемділігі мен ерекше шешімдер жасау мүмкіндігін анықтауға бағытталды. Тест жеке және топтық түрде, уақыт шектеусіз жүргізілді, себебі уақыт шектеуі креативті ойлаудың табиғи көрінуіне кедергі келтіреді. Жауаптар «ерекше айырмашылық» және «қайталанбас мазмұн» көрсеткіштері бойынша талданды. Барлық тест нәтижелері сандық түрде өңделіп, бақылау және тәжірибе топтарының көрсеткіштері салыстырылды (3-кесте). Әдістемені қолдану барысында кейбір білім алушылардың тапсырмаларды орындауда қиналғаны байқалды, бұл олардың стереотиптік ойлауға бейімділігін көрсетеді. Тест нәтижелері респонденттердің сөздік ассоциациялар құру стиліндегі айырмашылықтарды ашып, креативті ойлаудың жасырын қырларын айқындауға мүмкіндік берді. Алынған деректер креативтіліктің вербалды компонентін бағалауда маңызды мәліметтер жинақтап, жалпы зерттеу нәтижелерін толықтырды.

Кесте 3. Вербалды креативтіліктің деңгейлік көрсеткіштері

Көрсеткіш	Деңгей	Тәжірибе тобы (%)	Бақылау тобы (%)
Жауаптардың ерекше айырмашылығы	Жоғары	17	11
	Орташа	26,5	27,7
	Төмен	56,5	61,3
Қайталанбас мазмұн	Жоғары	9,1	4,1
	Орташа	38,7	32,5
	Төмен	52,2	63,4

Деректерді талдау барысында сандық көрсеткіштер пайыздық үлесте сипатталды, топтар арасындағы айырмашылықтарды салыстыру үшін қарапайым статистикалық әдістер қолданылды

(үлестік салыстыру, деңгейлік талдау). Жиналған мәліметтер креативтіліктің бастапқы деңгейін анықтауға және қалыптастыру кезеңінде енгізілген әдістердің тиімділігін бағалауға мүмкіндік берді. Сонымен бірге статистикалық талдау нәтижелері эксперименттік жұмыстың келесі кезеңдерінде алынатын динамиканы интерпретациялауға әдіснамалық негіз болып қызмет етті.

Зерттеу этикалық нормаларға толық сәйкестікпен жүргізілді: барлық қатысушылар зерттеуге ерікті түрде қатысып, тест нәтижелерінің құпия түрде өңделетіні туралы ақпараттандырылды; олардың пікір білдіруден бас тарту құқығы сақталды. Зерттеу барысында алынған мәліметтер тек ғылыми мақсатта қолданылды. Қатысушыларға кез келген кезеңде зерттеуден шығу мүмкіндігі түсіндіріліп, олардың жеке деректерінің қауіпсіздігіне ерекше назар аударылды. Этикалық талаптарды сақтау зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен объективтілігін қамтамасыз етіп, қатысушылардың психологиялық жайлылығын сақтауға мүмкіндік берді.


Нәтижелер және оларды талқылау

Зерттеудің қалыптастыру кезеңінде болашақ педагог-психологтардың креативтілік деңгейін арттыруға бағытталған бірқатар әдістер жүйелі түрде қолданылды. Эксперименттік жұмыстың нәтижелері диагностикалық кезеңде анықталған бастапқы деңгейді едәуір жақсартуға мүмкіндік берді. Креативтілікті дамыту бойынша жүргізілген арт-терапиялық және практикалық тапсырмалар (автопортрет, бөлшек бейнелер құрастыру, «Планета» және «Суда өсетін гүл» жобалары, топтық макет жасау) білім алушылардың шығармашылық ойлауын, өзін еркін көрсету қабілетін және кәсіби қызығушылығын айтарлықтай күшейтті. Эксперимент барысында мұндай жұмыстарды орындау білім алушылардың сенімсіздігінің азаюына, бастамашылдығының артуына және жаңа идеяларға ашық болуына ықпал етті.

Алынған нәтижелер креативтілік деңгейінің өлшемдік көрсеткіштері бойынша да өзгеріс болғанын көрсетті. Е.П. Ильиннің «Шығармашылық деңгейін анықтау» сауалнамасы қалыптастыру кезеңінен кейін тәжірибе тобында төмен деңгейдің 50%-дан 47,1%-ға дейін азайғанын көрсетті (4-кесте), ал орташа және жоғары деңгейлер сәйкесінше 33,4%-тен 34,7%-ға және 16,6%-тен 18,2%-ға дейін өсті. Тәжірибе тобындағы көрсеткіштердің динамикасы 1-суретте көрініс табады. Бұл динамика білім алушылардың шығармашылық ойлауға деген қызығушылығының артуымен және тапсырмаларды орындау кезінде белсендірек әрекет етуімен түсіндіріледі. Бақылау тобының көрсеткіштерінде айтарлықтай оң өзгеріс болмауы пайдаланылған әдістердің тиімділігін тәжірибе тобы мысалында нақты көрсетті.

Кесте 4. Шығармашылық деңгейдің тәжірибе және бақылау топтарындағы өзгерісі (%)

Деңгей	Тәжірибе тобы (Анықтау)	Тәжірибе тобы (Бақылау)	Бақылау тобы (Анықтау)	Бақылау тобы (Бақылау)
Төмен	50	47,1	42,1	44,3
Орта	33,4	34,7	31,6	30,3
Жоғары	16,6	18,2	26,3	25,4




Сурет 1. Шығармашылық деңгейінің динамикасы (Тәжірибе тобы)

Е.П. Ильиннің «Тұлғаның шығармашылық қабілетін анықтау» тестінің нәтижелері де осы үрдісті қуаттайды (5-кесте). Тұлғалық шығармашылық қабілет динамикасы 2-суретте көрсетілген. Тәжірибе тобында өте жоғары және орташадан жоғары деңгейлердің өсуі байқалып, төмен және ортадан төмен деңгейлер біршама азайды. Бұл өзгеріс студенттердің өзіндік талдау жасау, жаңа шешім табу және бейімделу қабілеттерінің қалыптасқанын көрсетеді. Бақылау тобының көрсеткіштері айтарлықтай өзгеріссіз қалды, бұл эксперименттік жұмыстардың мақсатты әсерін дәлелдейді.

Кесте 5. Тұлғалық шығармашылық қабілет деңгейінің өзгерісі (Тәжірибе тобы)

Деңгей	Анықтау кезеңі (адам саны)	Бақылау кезеңі (адам саны)
Өте жоғары	+1	+2
Орташадан жоғары	+1	+2
Орташа	+1	+2
Ортадан төмен	-3	—
Төмен	-2	—

Ескерту: Кестеде пайыз емес, динамика көрсетілді



Сурет 2. Тұлғалық шығармашылық деңгейінің өзгерісі


С. Медниктің вербалды креативтілік тесті (RAT) бойынша да тәжірибе тобы айтарлықтай жақсы нәтижелер көрсетті (6-кесте). Жауаптардың ерекше айырмашылығы бойынша жоғары деңгей 17%-тен 19,1%-ға, ал қайталанбас мазмұн бойынша 9,1%-ден 11,7%-ға өсті. Сонымен бірге төмен деңгей көрсеткіштері едәуір қысқарды. Бұл білім алушылардың вербалды ассоциациялар құру қабілетінің дамығанын, логикалық және шығармашылық байланыстарды еркін орната бастағанын білдіреді. Ал бақылау тобында ерекше айырмашылық пен қайталанбас мазмұн бойынша көрсеткіштердің төмен деңгейде сақталуы тәжірибелік ықпалдың маңыздылығын тағы да айқындайды. Бақылау тобының RAT көрсеткіштері 7-кестеде берілді. Тәжірибе және бақылау топтарының RAT нәтижелерінің айырмашылығы 3-суретте көрсетілген.

Кесте 6. RAT тесті нәтижелері (Тәжірибе тобы, %)

Көрсеткіш	Жоғары	Орта	Төмен
Ерекше айырмашылық	19,1	27,4	53,5
Қайталанбас мазмұн	11,7	41	47,3

Кесте 7. RAT тесті нәтижелері (Бақылау тобы, %)

Көрсеткіш	Жоғары	Орта	Төмен
Ерекше айырмашылық	10,3	26,3	63,4
Қайталанбас мазмұн	4,1	33,4	62,5



Сурет 3. Тәжірибе және бақылау топтары арасындағы RAT көрсеткіштерінің салыстырмасы

Алынған нәтижелер басқа зерттеулерде сипатталған эмпирикалық деректермен үндес. Мысалы, А.К. Маркова мен М.Р. Битянова креативтілікті дамыту тек арнайы тапсырмалар арқылы емес, эмоционалдық қолдау, еркіндік және тәжірибе барысында қателік жасауға мүмкіндік беру нәтижесінде тиімді қалыптасатынын атап өткен. Біздің зерттеу материалдары дәл осы ғылыми тұжырымдармен сәйкес келеді, өйткені білім алушылар тапсырмаларды орындау кезінде біртіндеп еркіндікке үйренді, өз ойларын ашық айтуға қабілетті болды және шығармашылық өнім ұсыну барысында қорқыныш деңгейінің азайғанын көрсетті. Сонымен қатар зерттеуде алынған оң өзгерістердің басқа авторлар еңбектеріндегі эксперименттік нәтижелерге ұқсас болуы әдістердің ғылыми негізінің дұрыстығын дәлелдейді.

Біздің нәтижелердің ерекшелігі — әдістердің қолжетімді, арзан және қарапайым материалдар негізінде орындалуы, бұл болашақ педагог-психологтардың мектеп жағдайында

креативті орта қалыптастыру дағдысын күшейтті. Жасалған тапсырмалар білім алушылардың шығармашылық ойлауға деген тәсілін өзгертіп қана қоймай, болашақ кәсіби қызметінде қолдана алатын нақты практикалық үлгілерді қалыптастырды. Бұл зерттеу нәтижелерінің қолданылу аясын кеңейтеді: әдістер жоғары оқу орындарында, колледждерде, сонымен қатар педагог-психологтардың кәсіби даярлығында тиімді қолданылуы мүмкін.

Сонымен бірге зерттеудің бірнеше шектеулерін атап өту қажет. Біріншіден, зерттеу үлгісі тек бір университеттің білім алушыларынан тұрды, бұл нәтижелерді кең ауқымға тікелей жалпылауға мүмкіндік бермейді. Екіншіден, бақылау кезеңінің ұзақтығы салыстырмалы түрде қысқа болғандықтан, креативтіліктің ұзақ мерзімде сақталуы қосымша зерттеуді қажет етеді. Үшіншіден, креативтілікті бағалау тек сауалнама мен тесттер арқылы жүргізілді, бұл көрсеткіштердің барлық аспектілерін толық ашпайды.

Алдағы зерттеулер креативтіліктің ұзақмерзімді динамикасын бағалау, әртүрлі жастағы білім алушылармен салыстырмалы зерттеу жүргізу және сандық деректерді сапалық талдаумен толықтыру бағытына бағытталуы мүмкін. Сондай-ақ педагог-психологтардың кәсіби практикасына енгізілетін креативтілік дамыту бағдарламаларын бейімдеу әрі жетілдіру өзекті болып табылады.

Жалпы алғанда, эксперименттік жұмыстар болашақ педагог-психологтардың креативтілігін дамытуға арналған арнайы ұйымдастырылған әдістердің тиімділігін дәлелдеп, білім алушылардың шығармашылық әлеуетінің өсуіне нақты ықпал етті.

Қорытынды

Зерттеу инновациялық білім беру үдерісінде болашақ педагог-психологтардың креативтілігін дамыту мүмкіндіктерін айқындауға бағытталды. Жүргізілген талдау мен эксперименттік жұмыс нәтижелері креативтілікті кәсіби даярлықтың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастыру қажеттігін көрсетті. Теориялық деректерді сараптау болашақ мамандардың креативтілік туралы түсініктерінің бірізді еместігін, көп жағдайда креативтілікті туа бітті, тек шығармашылық мамандықтарға тән қасиет деп қабылдайтынын анықтады. Эксперименттік кезең барысында бұл түсінік өзгеріп, білім алушылар креативтіліктің дамытылатын құбылыс екенін тәжірибе жүзінде ұғынды.

Диагностикалық кезеңнің нәтижелері болашақ педагог-психологтардың басым бөлігінде креативтілік деңгейі төмен немесе орта деңгейде екенін көрсетті. Қалыптастыру жұмыстары барысында жүргізілген арт-терапиялық жаттығулар, шығармашылық тапсырмалар және топтық жобалар болашақ мамандардың қиялды еркін қолдану, стандартты емес шешімдер ұсыну, өз идеясын қорғау, тәжірибе барысында өзін еркін сезіну қабілеттерінің айқын артуына әсер етті. RAT тесті мен Ильин әдістемелері бойынша алынған салыстырмалы нәтижелер де осы өзгерістерді сандық түрде дәлелдеп, тәжірибе тобының креативтілік деңгейі бақылау тобымен салыстырғанда жоғары динамика көрсеткенін анықтады.

Зерттеу жұмысының нәтижелері креативтілікті дамыту мақсатты түрде ұйымдастырылған педагогикалық-психологиялық қолдау арқылы тиімді қалыптасатынын көрсетті. Әсіресе қолайлы эмоционалдық орта құру, қателесуге еркін мүмкіндік беру, ойлаудың баламалы тәсілдерін қолдану, шығармашылық тапсырмаларды жүйелі түрде енгізу болашақ педагог-психологтардың кәсіби ойлау мәдениетін жетілдіруге оң ықпал етеді. Бұл ғылыми деректер басқа авторлардың креативтіліктің дамуы жайлы тұжырымдарымен сәйкес келеді және болашақ мамандарды даярлау жүйесіне шығармашылық бағыттағы әдістердің мақсатты түрде енгізілуінің қажеттілігін растайды.

Зерттеу нәтижелері практикалық ұсыныстарды негіздеуге мүмкіндік береді:

– болашақ педагог-психологтардың креативтілігін дамыту үшін оқу процесінде қолайлы, шабыттандыратын атмосфера қалыптастыру;

– аптасына кемінде бір рет арт-терапиялық және шығармашылық тапсырмаларды пән

мазмұнымен байланыстыра отырып ұйымдастыру;

– топтық және ұжымдық жұмыстар арқылы білім алушылардың өзіндік өнімін таныстыру, қорғау және көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын дамыту.

Жүргізілген зерттеу креативтілік деңгейін арттырудың тиімді әдістерін айқындап, болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған инновациялық тәсілдердің маңыздылығын ұсынды. Бұл зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарының білім беру үдерісіне шығармашылық компонентті күшейтуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге зерттеу креативтілікті дамыту мәселесінің көпқырлы екенін, оны толық шешу үшін ұзақ мерзімді, көп деңгейлі зерттеулерді қажет ететінін көрсетті. Алдағы зерттеулерде креативтіліктің тұрақтылығы, оның кәсіби қызметтегі көрінуі, әртүрлі жас топтарымен жұмыс істеу ерекшеліктері және инновациялық әдістердің ұзақмерзімді әсері сияқты бағыттарды қарастыру өзекті болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. «Педагог мәртебесі туралы» – Қазақстан Республикасы Заңының жобасы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 тамыздағы №645 қаулысы
2. Хмель Н.Д. Теория и технология реализации целостного педагогического процесса. – Алматы: КазНПУ им. Абая, 2008. – 176 с.
3. Жолдасбеков, А.А., Оспанова Б.А., Жолдасбекова К.А. Креативті психология. – Алматы: Нурай Принт Сервис ЖШС баспаханасы, 2013. – 410 б.
4. Саватеев Г.О., Ниязова А.А. Структурно-функциональная модель развития креативности будущего учителя в вузе // Мир науки. Педагогика и психология. – 2025. – Т.13, №4.
5. Оспанова Б.А. Технология формирования креативности будущего специалиста в условиях университетского образования. – Туркестан: МКТУ им. Х.А.Ясави, 2004. – 140 с.
6. Нағымжанова Қ.М. Кәсіби педагогикалық білім беру технологиялары. –Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2007. – 152 б.
7. Caroff X., Lubart T. Multidimensional approach to detecting creative potential in managers // Creativity Research Journal. – 2012. – №24(1). – P. 13-20.

References

1. «Pedagog мәртебесі туралы» – Qazaqstan Respublikasy Zañynyñ jobasy: Qazaqstan Respublikasy Ükımetinıñ 2019 jylğy 31 tamyzdağy №645 qaulysy
2. Hmel N.D. Teoria i tehnologia realizasii selostnogo pedagogicheskogo prosesa. – Almaty: KazNPU im. Abaia, 2008. – 176 s.
3. Joldasbekov, A.A., Ospanova B.A., Joldasbekova K.A. Kreativti psihologia. – Almaty: Nurai Print Servis JSS baspahanasy, 2013. – 410 b.
4. Savateev G.O., Niazova A.A. Strukturno-funksionálnaia model razvitiia kreativnosti buduşego uchitelä v vuze// Mir nauki. Pedagogika I psihologia. – 2025. – T.13, №4.
5. Ospanova B.A. Tehnologia formirovania kreativnosti buduşego spesialista v usloviah universitetskogo obrazovania. – Turkestan: MKTU im. H.A.İasavi, 2004. – 140 s.
6. Nağymjanova Q.M. Käsibi pedagogikalıyq bılım beru tehnologialary. – Öskemen: S.Amanjolov atyndağy ŞQMU baspasy, 2007. – 152 b.
7. Caroff X., Lubart T. Multidimensional approach to detecting creative potential in managers// Creativity Research Journal. – 2012. – №24(1). – P. 13-20.

ИННОВАЦИОННЫЕ ПОДХОДЫ К ПОВЫШЕНИЮ КРЕАТИВНОСТИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГ- ПСИХОЛОГОВ

ТОГАЙБАЕВА А.К. , БАЗАРХАН Б.Б. 

Тогайбаева Айгульден Кадировна – Кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, г. Актөбе, Казахстан

E-mai: atogaibayeva@zhubanov.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-2071-9536>

***Базархан Багдагул Бақдаулетқызы** - Магистр педагогических наук, Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, г. Актөбе, Казахстан

E-mail: bbazarkhan@zhubanov.edu.kz, <https://orcid.org/0009-0003-1963-4898>

Аннотация. В статье рассматривается проблема развития креативности будущих педагогов-психологов в условиях инновационного образовательного процесса. Современные изменения в системе образования требуют формирования у будущих специалистов гибкого, нестандартного мышления, что делает креативность важным компонентом их профессиональной подготовки. Цель исследования заключалась в выявлении уровня креативности будущих педагогов-психологов и проверке эффективности методов её развития посредством экспериментальной работы. Исследование проводилось среди студентов 2–3 курсов, а уровень креативности оценивался с использованием методик Е.П. Ильина и вербального теста креативности С. Медника (RAT). Полученные первоначальные данные показали преимущественно низкий и средний уровни креативности. В ходе формирующего этапа – посредством арт-терапевтических упражнений, творческих заданий и групповых проектов – у участников экспериментальной группы наблюдалась положительная динамика. Сравнительные результаты RAT-теста и методик Ильина подтвердили значимое увеличение показателей креативности по сравнению с контрольной группой. Исследование демонстрирует, что креативность может развиваться при целенаправленной педагогико-психологической поддержке, а включение творческих методов в образовательный процесс является важным условием повышения качества профессиональной подготовки будущих педагогов-психологов.

Ключевые слова: креативность, педагог-психолог, инновационное образование, творческое мышление, профессиональная подготовка, экспериментальное исследование.

INNOVATIVE APPROACHES TO ENHANCING THE CREATIVITY OF FUTURE EDUCATIONAL PSYCHOLOGISTS

TOGAYBAYEVA A.K. , BAZARKHAN B.B. 

Togaybayeva Aigulden Kadirovna – Candidate of pedagogical sciences, associate professor, Aktobe regional university named after K.Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

E-mai: atogaibayeva@zhubanov.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-2071-9536>

***Bazarkhan Bagdagul Bakdauletkyzy** - Master of pedagogical sciences, Aktobe regional university named after K.Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

E-mail: bbazarkhan@zhubanov.edu.kz, <https://orcid.org/0009-0003-1963-4898>

Abstract. This article examines the development of creativity among future educational psychologists within the context of an innovative educational process. Contemporary transformations in the education system require future specialists to demonstrate flexible and non-standard thinking, making creativity an essential component of their professional training. The aim of the study was to identify the level of creativity among future educational psychologists and to evaluate the effectiveness of methods for its enhancement through an experimental approach. The research was conducted with second- and third-year university students, and creativity levels were assessed using E.P. Ilyin's methodologies and S. Mednick's Remote Associates Test (RAT). Initial assessments revealed predominantly low and medium levels of creativity. During the formative stage, art-therapy exercises, creative tasks, and group projects contributed to significant improvements in the experimental group. Comparative results of the RAT and Ilyin's methods confirmed notable increases in creativity indicators compared to the control group. The study demonstrates that creativity can be effectively developed through targeted pedagogical and psychological support, and integrating creative methods into the educational process is crucial for enhancing the professional training of future educational psychologists.

Key words: creativity, educational psychologist, innovative education, creative thinking, professional training, experimental study.